

# ДҮНИЕТАНУ

*Бастауыш білім беру деңгейінің  
3-сыныбына арналған оқулық*

## Шартты белгілер



– сабақтың мақсаты



– шығармашылық тапсырма



– топтық жұмыс



– ізденуге берілген тапсырма



– жұптық жұмыс



– есінде сақта



– тапсырманы орында



– жаз



– ойлан



– үй тапсырмасы



– күнделікті өмірде қолдан



– QR кодты пайдалану бойынша нұсқаулық

## Құрметті оқушы!

Сенің қолыңдағы «Дүниетану» оқулығы өз өңірің мен еліңнің табиғи, тарихи, мәдени және экономикалық ерекшеліктерін терең тануға мүмкіндік береді. Бұл оқулық – сенің танымыңды ашатын алтын кілт. Оқулықтағы қызықты тапсырмалар – сені ойлануға, бақылауға, зерттеуге жетелейтін, болашаққа деген көзқарасыңды байытатын нағыз білім жолы. Ол тапсырмалар отбасының маңызын түсінуге, шаруашылық іс-әрекеттерді талдауға, табиғат пен адам арасындағы байланысты анықтауға көмектеседі.

Сабақ барысында:

- өз аймағыңның табиғи және жасанды ортасын зерттейсің;
- отбасы мен қоғамдағы өз орныңды анықтайсың;
- Қазақстанның Конституциясы мен заңдары туралы білім аласың;
- халқымыздың мәдени, ғылыми және тарихи жетістіктері туралы білесің.

Электрондық оқулық – заман талабына сай жасалған ақылды құрал. Электрондық оқу құралы арқылы әртүрлі интербелсенді тапсырмаларды орындайсың. Электрондық оқулықтағы анимациялар мен бейнежазбалар ойыңды ұштайды, елестету қабілетіңді дамытады.

Оқулықтағы тапсырмалар шығармашылық, зерттеушілік қабілетіңді дамытып, болашаққа деген көзқарасыңды кеңейте түседі. Әр тақырыпта берілген зерттеу жұмыстары мен практикалық тапсырмалар сенің күнделікті өміріңмен тікелей байланысты. Сабақта алған біліміңді өз іс-тәжірибеңде қолдануды үйренесің.

*Іске сәт!*

## Дүниетану. 3-сынып

Бұл оқулықтағы тапсырмалар оқушының танымдық қабілетін дамытып, қоршаған ортаны зерттеуге, өз ойын еркін жеткізіп, дәлелдеуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушылар бірлесе әрекет етіп, пікір алмасып, шығармашылық көзқарасын қалыптастырады.

Оқулық тек ақпарат беруші құрал ғана емес. Ол – балаға елі мен жерін сүюді үйрететін, табиғатты қорғауға шақыратын, адамгершілік пен жауапкершілік сезімін оятатын, тәрбиелік мәні зор рухани қазына.

### **Білімге бастар жол**

Оқушының табиғи және әлеуметтік орта туралы түсінігін кеңейтуге, танымдық қабілеті мен сыни ойлауын дамытуға бағытталған. Оқушы бақылау, сұрақ қою, зерттеу арқылы жауап іздейді.

### **Отбасы – мейірім ордасы**

Отбасы мүшелерінің өзара сыйластығы мен қамқорлығын дәріптейді. Ата-ана мен баланың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі туралы түсінік қалыптастырады.

### **Табиғатты сүй және қорға**

Табиғаттың әсемдігін сезініп, оны қорғау мен сақтаудың маңызын ұғындырады. Жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасап, экологиялық сана мен жауапкершілік дағдысын дамытады.

### **Тарихтан тағылым**

Ата-бабаның өмір жолы мен ерлік істерін тану арқылы ұлт тарихына құрмет қалыптастырады. Оқушылар өз халқының мәдени тамыры мен рухани мұрасының мәнін түсінеді.

### **Дәстүр мен жаңашылдық үндестігі**

Ұлттық салт-дәстүр мен қазіргі заманның байланысын танытады. Оқушылар ғылым мен техниканың жетістігін ұлттық болмыспен үйлестіруге дағдыланады.

### **Отан – ортақ үйіміз**

Туған елге деген сүйіспеншілікті, бірлік пен ынтымақтың қадірін ұғындырады. Оқушылар ел рәміздері мен мемлекеттік мерекелердің мәнін түсініп, азаматтық жауапкершілікті бойына сіңіреді.

## ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



### *Осы бөлімнен не үйренесің?*

1. Климат және климаттық белдеулер туралы түсінік аласың.
2. Әртүрлі аймақтардағы ауа райы ерекшеліктерін білесің.
3. Адамдардың табиғи жағдайға қарай қоныстанатынын түсінесің.
4. Қолайсыз ауа райы құбылыстары туралы біліп, қауіпсіздік ережелерімен танысасың.
5. Табиғи және климаттық апаттар кезінде қалай әрекет ету керектігін үйренесің.
6. Табиғи ортадағы қауіп-қатерді бағалауды және өз қауіпсіздігіңді жоспарлауды үйренесің.
7. Табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың пайдалысы да, қауіптісі де бар екенін түсінесің.
8. Табиғатқа жауапкершілікпен қарау керектігін ұғынасың.




Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтайсың.

- климат
- белдеу



1. Төменде қандай аймақтар берілген? Бұл аймақтар жайлы естігенің не көргенің болса, ойыңды ортаға сал.



Жердің әр бөлігіне күннің жарығы мен жылуы бірдей түспейді. Әр аймақта ауа райы әртүрлі болады. **Климат** – белгілі бір жердегі ұзақ уақыт бойы қайталанып тұратын ауа райының сипаты. Ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері, желдің бағыты мен күші – бәрі климатты құрайды. Климат жердің географиялық орнына байланысты болады. Қазір біз жердегі негізгі климаттық белдеулер мен олардың ерекшеліктерін бірге қарастырамыз.



2. Ойлан.

— Қазақстанда жылдың неше мезгілі бар?

— Әр мезгілдің ауа райы қандай болады?

Жер беті ауа райы мен күннің жылуына байланысты әртүрлі аймақтарға бөлінеді. Осындай үлкен аймақтарды **белдеулер** деп атайды. **Белдеу** – географияда жердің бетін климаттық, табиғи немесе географиялық ерекшеліктеріне қарай бөлетін аймақ. Қарапайым тілмен айтқанда, жердің белгілі бір ұқсас қасиеттері бар үлкен аумағы. Әр белдеудегі өсімдіктердің, жануарлар мен адамдардың тіршілігі де әртүрлі.

**Ғалымдар жерді 5 негізгі климаттық белдеуге бөлді. Олар:**


1. *Экваторлық белдеу* – үнемі ыстық әрі ылғалды.

2. *Субэкваторлық белдеу* – құрғақ және жаңбырлы маусымдар ауысады.

3. *Тропиктік белдеу* – шөлдер мен құрғақ далалар.

4. *Қоңыржай белдеу* – төрт мезгіл айқын байқалады.

5. *Полярлық белдеу* – өте суық, мұз бен қар жатады.



### **Экваторлық белдеу**

(Жердің ең ыстық әрі жаңбырлы аймағы)

*Ерекшелігі:*

- Өсімдігі: биік пальма, тропик орманы.
- Жануары: маймыл, тотықұс, жылан, бақа.
- Адамы: жұқа киім киеді, үйлері ағаштан жасалған.



2

**Субэкваторлық белдеу**  
(Экватордың екі жағы – ең ыстық жер)  
Мұнда күн ыстық, жаңбыр көп жауады.

*Ерекшелігі:*

- Өсімдігі: биік шөп, баобаб.
- Жануары: піл, арыстан, керік.
- Адамы: құрғақ кезде көлеңке іздейді, суды үнемдейді.

Үйлері жел өтетіндей етіп салынады.



3

**Тропиктік белдеу**  
(Жазы ыстық, қысы жылы)

*Ерекшелігі:*

- Өсімдігі: кактус, құрма ағашы.
- Жануары: түйе, кесіртке.
- Адамы: ашық түсті киім киеді, күннен қорғанады.

Қабырғасы қалың үйлерде тұрады.



4

**Қоңыржай белдеу**  
(4 мезгіл қалыпты қайталанатын белдеу)

*Ерекшелігі:*

- Өсімдігі: орман, қайың, қарағай.
- Жануары: қоян, түлкі, қасқыр.
- Адамы: төрт мезгілге сай киім киеді. Егін егеді, бақша салады.



5

**Полярлық белдеу**  
(Ең суық – Арктика мен Антарктида)

*Ерекшелігі:*

- Өсімдік жоқ, тек мұз бен қар.
- Жануары: ақ аю, пингвин, итбалық.
- Адамы: қалың киім киеді, үйі – иглу (мұздан жасалған).

Үйді арнайы материалдан жасайды.



3. Әр топ жеребе арқылы бір белдеуді таңдап алады. Олар сол белдеуде тұратын адам ретінде «қалай өмір сүретінін» сахналайды. Балалар қимылмен көрсетеді, бірақ сөйлемейді.



«Климаттық викторина» дайындау. Өзіңе бөлінген белдеу туралы 3–5 сұрақ құрастыр. Мысалы: «Бізде күн ыстық па, суық па? Қандай жануарлар бар?».

## 2

## Қауіпсіздік ережелерін сақтайық



Адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат) байланысты орналасуын талдайсың. Ауа райы қолайсыз жағдайда өзіңді дұрыс ұстау ережесін құрастырасың.

- оазис
- ауа райы



1. Төменде берілген суреттерге қарап, ауа райының әсерінен болған жағдайларға болжам жасаңдар.



Әр жердің табиғи жағдайы әртүрлі, сондықтан адамдар өмір сүруге ыңғайлы, қолайлы жерді таңдайды. Өзен, көлдің жанында бау-бақша суаруға, балық аулауға мүмкіндік бар. Сол себепті өзен жағасында қалалар мен ауылдар көптеп орналасады. Құнарлы жазық жерлерде адамдар егіншілікпен айналысады, ауылшаруашылығы да жақсы дамиды. Таулы жерлерде адам аз қоныстанған. Себебі тау бөктері биік, жері тегіс емес. Шөлде су тапшы, күн өте ыстық болады. Бірақ шөлдің ортасында суы бар жерлер – оазистер бар. Полярлық аймақтарда, яғни Арктика мен Антарктикада ауа райы өте суық. Мұндай жерлерде де халық өте аз тұрады. Адамдар табиғат жағдайына қарай қоныс таңдайды. Суы бар, жері құнарлы, ауа райы қолайлы жерде халық тығыз қоныстанады. Ал суық, құрғақ немесе таулы жерлерде өмір сүретін адамдар саны аз.



*Оазис – шөлдің ортасындағы суы бар, өсімдік өсетін жасыл жер.*



2. «Біз тұратын жер». Ата-анамен немесе ересектермен бірге орындайтын тапсырма.

- Біздің тұрған жеріміздің табиғаты қандай?
- Бұл жерлерде адамдар неге көп немесе аз мекендейді?
- Біздің ауылымызда/қаламызда өзен немесе көл бар ма?
- Бізде не өседі? Не өсіруге болады?



**Ауа райы** – жер бетіндегі атмосфераның белгілі бір уақыттағы күйі. Ол температура, жауын-шашын мөлшері, желдің күші мен бағыты, ауа ылғалдылығы сияқты факторлармен сипатталады. Ауа райының қолайсыз құбылыстарына аяз, боран, нөсер жаңбыр, су тасқыны, дауыл, қатты жел, аптап ыстық және құрғақшылық жатады. Мұны біз **катаклизм** деп атаймыз.

Қолайсыз ауа райы адамдардың денсаулығына, тіршілігіне және шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтау өте маңызды.

**Қолайсыз ауа райы** – адамның тіршілігіне, денсаулығына, шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін атмосфералық құбылыстардың жиынтығы.

**Қолайсыз ауа райы кезіндегі ережелерге назар аудар!**



3. «Қауіпсіздік ережелері жинағы». Әр топ бір ауа райы құбылысына 3–4 қауіпсіздік ережесін құрастырады. Барлық топтың жұмыстарын біріктіріп, «Қауіпсіздік ережелері жинағын» жасау қажет.



«Қауіпсіздік әні». Сыныппен бірге бір шумақ ән құрастыру.



Геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайда өзінді дұрыс ұстау ережесін құрастырасың.

• апат



1. Төменде берілген сұрақтарға жауап бере отырып, бір-біріңнің білімдеріңді толықтырыңдар.

1. Қауіпті ауа райында үйде отырған дұрыс па, әлде далада жүрген дұрыс па?
2. Дауылда терезені ашу керек пе, жабу керек пе?
3. Аязда жеңіл киім кию керек пе, әлде қалың киім кию керек пе?
4. Апат кезінде бір-бірімізге көмектесеміз бе, әлде қашу керек пе?
5. Қауіпсіздік ережесін білу неліктен маңызды?

Мәтінді оқы.

**Апаттар** – табиғатта немесе адам өмірінде болатын қауіпті жағдайлар. Апат кезінде адамдарға, жануарларға, үйлерге, қоршаған ортаға зиян келеді. Табиғатта болатын апаттар **табиғи апаттар** деп аталады. Олар кенеттен болып, үлкен қиындық туғызады. Табиғи апаттар кезінде адамдар қауіпсіздік ережелерін сақтап, бір-біріне көмектесуі керек. Табиғи апаттар туралы білу біздің қауіпсіздігіміз үшін өте маңызды. Бұл ережелерді орындау өмірімізді сақтауға көмектеседі.



2. «Апат кезіндегі дұрыс әрекет – дұрыс емес әрекет» постері. Бағанға сурет түрінде немесе жазу арқылы нұсқаулық дайында:

✓ Дұрыс әрекет

✗ Қате әрекет

**Геологиялық және табиғи-климаттық апаттар** – табиғатта болатын қауіпті оқиғалар. Олар адамдарға, үйлерге және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

**Геологиялық апаттарға** жер сілкінісі жатады. Бұл кезде жер қатты қозғалады, дірілдейді. Үйлер бүлінуі мүмкін.

**Табиғи-климаттық апаттарға** қатты боран, дауыл, нөсер жаңбыр, су тасқыны, аяз, құрғақшылық жатады. Бұл кезде ауа райы қатты өзгереді және адамдарға қиындық туғызады.

Осындай жағдайларда әр адам өзін қалай ұстау керектігін білуі керек. Бұл өзімізді және жақындарымызды қорғау үшін маңызды.

*Қауіпсіздік ережесі*

Апат түрі	Өзіңді ұстау ережесі
Жер сілкінісі	Қорықпа, сабыр сақта. Үстелдің астына тығыл. Терезеден, ауыр заттардан алыс бол. Сілкініс тоқтаған соң ғана далаға шық.
Қатты боран	Үйде бол, далаға шықпа.
Дауыл, қатты жел	Терезе мен есікті мықтап жап, ағаштан, бағаннан аулақ бол.
Нөсер жаңбыр, су тасқыны	Су басқан жерге барма. Құтқарушылардың айтқанын тыңда.
Қытымыр аяз	Қалың, жылы киім ки, басыңды және қолыңды жылы ұста.
Құрғақшылық, аптап ыстық	Ашық түсті, жеңіл киім ки, күннің астында тұрма.



### 3. «Егер мен құтқарушы болсам...».

«Егер мен құтқарушы болсам, адамдарға не айтамын?» деп бастап, ойыңды жазып көр.

Апат кезінде қауіпсіздік белгілерін білу өте маңызды. Табиғи апаттар кезінде өзімізді және жақындарымызды қорғау – әр адамның міндеті. Мұндай кезде қорықпай, сабырлы болу, қауіпсіздік ережелерін сақтау және ескерту белгілерін білу өмірімізді сақтап қалуға көмектеседі. Егер біз апат белгілерін дер кезінде байқап, дұрыс әрекет етсек, өзімізді және отбасымызды қорғап, басқаларға да көмек көрсете аламыз.



### «Қауіпсіздік бұрышы»

Сыныппен бірігіп, қабырғаға ілетін қауіпсіздік бұрышы плакатын жаса:

Ескерту белгілерін салыңдар.

Әр белгі астына қысқаша түсінік жазыңдар.

«Сақ бол! Қауіпсіздік сенің қолыңда!» деген ұран қосыңдар.

«Қауіпсіздік ережесін аяқта»

Сөйлемдерді толықтыр:

Егер жер сілкінесе, мен \_\_\_\_\_.

Егер қатты боран болса, мен \_\_\_\_\_.

Егер найзағай жарқылдаса, мен \_\_\_\_\_.

Егер су тасқыны болса, мен \_\_\_\_\_.



Жоғарыдағы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, отбасыңмен немесе ересек адамдармен бірге белгілердің суретін салып, атауын ойлап табыңдар.





Түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайсың және баға бересің. Табиғи ортадағы қауіпсіздігіңді жоспарлайсың.

• қауіп-қатер

1. Төменде берілген суреттерден табиғатта сақтау қажет қауіпсіздікке байланысты 3 ереже құрап көр.



Біздің табиғи ортамыз – өзен, орман, дала, тау және ауа райы. Табиғат әдемі болғанымен, ол кейде қауіпті де болуы мүмкін. Мысалы, қатты жел мен дауыл үйлердің шатырын ұшырады. Боран мен аяз жолда адастырып, тоңдырады. Су тасқынының зардабынан ауылдарды су басады. Орман мен далада өрт шығып, табиғатқа үлкен зиян келтіреді. Жабайы жануарлар мен әдемі болып өсіп тұрған өсімдіктердің өзі үлкен қауіп әкелуі мүмкін. Қауіпті жағдайлардың алдын ала білу өте маңызды. Мысалы, қара бұлттар жиналса, жаңбыр мен дауыл болуы мүмкін. Қатты жел соқса, ағаштар сынуы немесе шатыр ұшуы мүмкін. Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді білу біздің өмірімізді сақтайды. Қауіпті білу арқылы біз әрқашан сақ жүреміз және кез келген қауіпке дайын боламыз!

БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) мәліметі бойынша, соңғы 20 жылда әлемде ірі табиғи апаттар жиі тіркелген. Дүниежүзінде табиғи апаттардың 40% -ы су тасқынына байланысты. Сондай-ақ жылына шамамен 20 000 жер сілкінісі тіркеледі.



2. «Егер мен табиғаттағы қауіпті жағдайға түссем, не істер едім?» деген сұраққа жауап ретінде өзіңе таныс немесе өз аймағыңда кездесетін қауіп түріне қысқаша әңгіме жаз.

Табиғатта өсімдіктер мен жануарлар өте маңызды. Олар бізге ауа, тамақ, дәрі-дәрмек береді. Кейбір өсімдіктерде улы заттар болады. Оларды ұстасаң немесе жесең, теріні күйдіріп, уландырады.

Жануарлар да қауіпті болуы мүмкін. Кейде қасқыр мен аю сияқты жабайы аңдар адамға шабуыл жасайды. Улы жыландардан да абай болу керек. Аралар мен қоңыздардың уы да қауіпті, ол аллергия тудырады. Қан соратын жәндіктер – маса, құмырсқа, кенелер – ауру таратуы мүмкін. Олар адамның қанын сорып, ауру жұқтырады. Біз табиғатта өте сақ болуымыз керек. Бейтаныс жидектерді жеуге болмайды.

Әлемнің барлық аймағында кездесуі мүмкін улы өсімдіктер мен жануарлар



Улы меңдуана



Беріқарақат



Қызыл шыбынжұт



Кене



Қарақұрт



Улы жыландар



3. «Халыққа үндеу». Өз аймағыңда кездесетін қауіптерден тұратын постер жасап, мектеп бұрышына іліңдер.

Топпен талқылай отырып, өсімдіктерден болатын 3 қауіп пен жануарлардан болатын 3 қауіп туралы жазыңдар.



Түрлі интернет ресурстарынан немесе кітаптардан іздене отырып, Қазақстан жерінде кездесетін қауіпті өсімдіктер мен жануарлар туралы ақпарат жина.

### Қауіпсіздік ережесі

#### Жыландардан сақтану

1. Жыландар мекендейтін шөбі қалың, тасты жерлерде сақ бол.
2. Жыланды көрсең жақындама және тас лақтырма.
3. Жылан шаққан жағдайда қозғалыссыз жат, шаққан жерді таңып, дереу дәрігерге хабарла.

#### Жәндіктер мен өрмекшілерден сақтану

1. Кене мен қарақұрт кездесетін жерде ашық түсті, ұзын жеңді киім ки.
2. Қалың шөп өскен немесе тас көп жерде жалаңаяқ жүрме.
3. Денеге кене жабысса, өзің жұлып алма, ересек адамға немесе дәрігерге көрсет.

#### Өсімдіктерден сақтану

1. Бейтаныс өсімдіктерді ауызға салуға болмайды.
2. Түсі әдемі болса да, гүлдерді иіскеме және қолыңмен ұстама.
3. Орманда немесе далада белгісіз жемістерді жеуге болмайды.




## «Жанды табиғат» бөлімін қорытындылау



Жанды табиғат – өсу, көбею, тыныс алу, қоректену, қозғалу сияқты қасеттерге ие тірі организмдер. Оларға өсімдіктер, жануарлар, адамдар, микроағзалар жатады.

Құрметті оқушы! Міне, «Жанды табиғат» туралы бөлімді аяқтадың. Екеуіміз бірге «Дүниетану» атты кітапша құрайық. Ол үшін сен әр бөлімнің соңында берілген тапсырмаларды орындап, жинап, сақтап жүр. Сонда оқу жылының соңында жыл бойы алған білімің жинақталған кітапша дайын болады.



### **Тапсырма:**

Кітапшандағы алғашқы тапсырмаға жер шарын салып, белдеулерді тиісті түске боя. Әр белдеудің атауын жазып, мекен ететін жануарлар суретін салуды да ұмытпа.



### **Тапсырма:**

Улы өсімдіктер мен жануарлардың қауіпті түрлері туралы ақпарат тап. Алдымен суретін салып, кейін «Уланып қалған жағдайда не болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап жаз.



### **Тапсырма:**

Парталас жұбыңмен немесе сыныптас досыңмен бірге табиғи апат кезінде қолдануға болатын бірнеше жаңа шартты белгі ойлап тауып, суретін салыңдар.

### **Тапсырма:**



Осы бөлім барысында өзіңе қызықты болған ақпараттар туралы қысқаша анықтама жаз.

**Антропология** –  
адамның шығу  
тарихын зерттейтін  
ғылым

**Ботаника** –  
өсімдіктер  
патшалығын  
зерттейтін ғылым

**Зоология** –  
жануарлар  
патшалығын  
зерттейтін ғылым

## Мазмұны

Құрметті оқушы! .....3

### I бөлім

**ЖАНДЫ ТАБИҒАТ** .....5

1. Ауа райының әртүрлілігі .....6

2. Қауіпсіздік ережелерін сақтайық .....9

3. Табиғи – климаттық апаттар .....11

4. Табиғи ортадағы қауіптерді таны .....14

### II бөлім

**ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН** .....18

5. Отбасы бюджеті .....19

6. Бірге жоспарлаймыз – бірге үнемдейміз!.....22

7. Досқа көмек – өзіңе көмек .....25

8. Ереже – әділдік кепілі .....27

1-тоқсан. Қайталауға арналған тест тапсырмасы .....30

### III бөлім

**УАҚЫТ** .....33

9. Ұрпақтар сабақтастығы .....34

10. Денсаулық және қауіпсіздік .....37

11. Мәдениет – ел бірлігі .....40

12. Сақтық – амандық кепілі .....43

13. Бабалар мұрасын сақтайық .....45

#### **IV бөлім**

**СӘУЛЕТ ӨНЕРІ**..... 49

14. Тарихпен үндескен мәдени мұра ..... 50

15. Туризм және өндірістік байланыс..... 52

16. Табиғи бағдарлау ..... 55

2-тоқсан бойынша тест тапсырмасы..... 58

#### **V бөлім**

**ӨНЕР** ..... 61

17. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы ..... 62

18. Қауіпсіздік ережелерін насихатта ..... 65

19. Тарихтан жеткен таңба..... 67

20. Өткеннің көрмесі ..... 70

21. Ұлтымыздың ұлы мұралары ..... 72

#### **VI бөлім**

**АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР**..... 76

22. Түркіден тараған тектілік ..... 77

23. Кешегі тарих – бүгінгі даму ..... 80

24. Ел тарихындағы елеулілер ..... 83

25. Тарихты сөйлеткен тұлғалар ..... 86

26. Тәуелсіздік жолында ... ..... 89

3-тоқсан бойынша тест тапсырмасы..... 91

## **VII бөлім**

**СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ..... 94**

27. Судың тіршілік үшін маңызы ..... 95

28. Ұлы жол – ұлы мұра ..... 98

29. Табиғат тосын мінез танытса ..... 100

30. Қауіпсіз орта – саналы әрекет нәтижесі ..... 103

## **VIII бөлім**

**ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР ..... 107**

31. Жақсы әдет – үлгілі қоғам негізі ..... 108

32. Біз бірлігімізбен күштіміз ..... 111

33. Тұтынушы бол ..... 113

34. Қабілетіңе сай таңда ..... 116

4-тоқсан бойынша тест тапсырмасы ..... 120

Глоссарий ..... 122

Пайдаланылған әдебиеттер ..... 124